Ата –аналар жиналысы

№1 хаттама

08.09.2023 ж

Қатысқандар: ата аналар, мұғалімдер

Күн тәртібінде

1. Өткен оқу жылына қорытынды: Мектеп директоры А.Р.Ералинов
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесі Абишева Л.А.
3. Ата –аналар кеңесінің құрамын сайлау.

Тыңдалды: Өткен оқу жылына қорытынды.

Сөйледі: Мектеп директоры А.Р.Ералинов  өз сөзінде мектепте атқарылған бір шама жұмыстар туралы айтып өтті. Мектептен жөндеу жұмыстары бойынша ақпарат берді.

Оқушылардың білімдері туралы айтып өтті.

Сөйледі: директордың тәрбие ісінің орынбасары Абишева Л.А.

Тыңдалды: Мектеп ішкі ережесі

Сөйледі: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Қ.Сатыбалдиева Бала тәрбиесі – мәңгілік мәселе, әрі қиын, әрі күрделі үдеріс. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Ел басымын десең, бесігіңді түзе» дегендей ұрпақ тәрбиесі бесіктенбасталатыны баршаға аян. Өйткені бала өміріміздің жалғасы, ертеңі, жарқын болашағымыз, ел мен жердің иесә. Олай болса бала тәрбиесінде ата-ананың жауапкершілігі, міндеті көп. Ата-ана баланы оқытуға, сабакқа уақытында жіберуге, сабақтан кешіктірмеуге, себепсіз сабақтан алып қалмауға, ауырған жағдайда баланы дәрігерге қаратып, мектепке денсаулығы туралы анықтама анықтама әкелуге, бір жағдай болып баланы алып қалған жағдайда қол хат жазып, сынып жетекшісіне хабарлауға, баланы мектепке формамен жіберуге, Сабаққа әкеліп алып кетуге сабақтан соң міндетті екенін баса айтты.Сонымен қатар мектепке қымбат әшекей бұйымдар тағу болмйтындығы,ұялы телефон алып келмеу керектігі, алып келген жғдайда егер телефоны жоғалса мектеп әкімшілігі жауап бермейтіндігі ескертілді. Сонымен қатар арнайы ауыз судың жоқтығына байланысты әрбір оқушы өздерімен бірге құтыға құйып су әкелу керектігі айтылды.

Кешкі сағат 21.00 ден кейін ата-анасынсыз 18 жасқа толмаған балалар көшеге шығуға болмайтындығы, көңіл көтеретін орындарға бармау керектігі ата-аналарға ескертілді.

Тыңдалды: Ата-аналар кеңесінің құрамын сайлау Ата-аналар комитетінің төрайымы Қоянова С.М.

Сөйледі: Ата-аналар кеңесінің төрайымы  өз сөзінде өткен оқу жылында мектеппен тығыз байланыста болып, белсене араласқан ата-аналарға алғысын білдіріп, жаңа оқу жылына ата-аналар кеңесінің құрамын сайлау керектігін айтты.

Ата-аналар тарапынан бір ауыздан төмендегі ата-аналарды ұсынды.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Қоянова С.М.

Мүшелері сайлансын: Бекова М.К., Шрам А.Ф., Пармаганова А., Молдабаева Г.Б.

Шешім:

1. Мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау ата-аналар тарапынан қадағалансын.
2. Ата-аналар комитетінің құрамы бекітілсін. Мектептегі ата-аналар сайланды. Ата-аналар комитетінің төрайымы: Құлпанова С.М.

Мүшелері: Бекова М.К., Шрам А.Ф., Пармаганова А., Молдабаева Г.Б.

Мектеп директоры А.Р.Еркинов

Хатшы Сейдахметова М.Ю.

**Тайбай ауылының жалпы орта білім беретін орта мектебі**

**Ата –аналар жиналысы**

**№2 хаттама**

**20.10. 2023 ж**

**Қатысқандар:** ата аналар, мұғалімдер, учаскелік инспектор полиция майоры Имагамбетов Н.А.

**Күн тәртібінде**

1. Отбасындағы зорлық зомбылықтың алдын алу
2. Бала тәрбиесіндегі ата ана жауапкершілігі
3. Буллинг: себептері және алдын алу
4. Күзгі демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігі
5. 2023-2024 оқу жылындағы өзгерістер
6. Әртүрлі мәселелер

1.Тыңдалды: Учаскелік инспектор Имагамбетов Нұржан Амантайұлы жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыс жасау бүгінгі қоғамның күн тәртібінен түспейтін түйткілді мәселе екендігі туралы түсінік жұмыстарын жүргізді. Кездесуде негізгі талқыланған тақырып: оқушылардың қатысуымен қылмыс оқиғалардың, суицидтің және оқушыларға қатысты жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу шаралары. Отбасылық мәселелер, әлеуметтік желілердің кері әсері сияқты факторлар жасөспірімдерде күйзелістік көңіл-күй тудырады. Осындай сәттерде өсіп келе жатқан жас буынға жалғыздықты сездіртпей қолдау білдіру маңызды. Бұл сәтте қоғам, яғни ата-ана, мұғалім, психологтар болып жас жеткіншектердің тұлға болып дұрыс қалыптасуына әрекет етуіміз керек. Өз кезегінде бұл мәселеде біздің ювеналды полиция инспекторлары және кез келген полиция қызметкері әрқашан көмектесуге дайын.Жиналыс барысында қылмыстың алдын алу, баланың бұрыс жолға түспеуі, ата-ананың, мектеп пен инспектордың бірлескен іс-қимылына байланысты екендігі туралы айтылып өтті. Кәмелетке толмағандармен жасалатын құқық бұзушылық-тардың алдын алу барысы туралы және ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі жөнінде кеңінен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Адамға ең біріншi білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы. Келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі,-деген Әл-Фараби бабамыз. Сондықтанда, әрбір ата-ана баласының әсіресе жасөспірім шағында тәрбиесіне көп көңіл бөлген жөн.

2.Тыңдалды: Директордың тәрбие ісі орынбасары Л.Абишева:Болашақ ұрпақтың тәрбиелі, мәдениетті де білімді болуы, ең алдымен ата-анадан, отбасы, ошақ-қасынан басталмақ. Дана қазақтың «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген даналық сөзі тегін айтылмаса керек. Адамды адам ететін қоршаған орта және тәлім-тәрбие десек, мектеп жасы балаларының тұлғалық ерекшеліктерінің қарым-қатынасына отбасы, отбасының қарым-қатынасы, отбасының психологиялық тәрбиелеу стилінің маңызы зор екенін білеміз. Ата-аналар мен мектептің басты мақсаты-дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, еңбеккор, іскер, ұлтжанды, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу. Ендеше отбасында

балаға берілетін тәрбиенің ауадай қажеттегі. Жасыратыны жоқ, қазір отбасы тәрбиесі үлкен маңызын жойып отыр, өйткені, ең басты белең алып отырған қасірет: үйдегі ата-ананың жұмыссыздығы, әркімнің бір жұмысын тұрақсыз істеуі-бала тәрбиесіне жеңіл қараудың салдары. Ата-аналар бала тәрбиесінде жауапкершілікті бәсеңдетпеуі тиіс. Ал ата-ана балаларына үлгі-өнеге көрсете алмаса, тәрбиелі бала өсу екіталай. Өйткені бала ересектерге өте еліктегіш келеді, көп нәрсені жақсыны да,жаманды да солардан үйренеді. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» туралы Заңының Х тарауындағы 62-бапта: «Ата-аналардың балалар тәрбиелеу және оларға білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттері» көрсетілген. Онда: «Ата-аналар өз балаларын тәрбиелеуге міндетті» делінген. Сонымен қатар: «бала тәрбиелеуші ата-аналар өздерінің қабілеттері мен қаржылық мүмкіндіктерінің шегінде, оның дене, психикалық, адамгершілік және рухани жағынан дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін, негізгі жауапкершілікте болады»-деп көрсетілген. Сондықтан баланың, әсіресе, демалыс күндері бос уақытын дұрыс ұйымдастырып, сабақтан тыс уақытта немен айналысып жүргенін күнделікті бақылап, беймезгіл уақытта кіммен жүргенінен ата-аналар хабардар болуы шарт.

3.Тыңдалды: Құқықтану пәні мұғалімі Зарымхан Айнагүл:

Буллинг дегеніміз не?Буллингке кімдер қатысады?Біз буллингтің алдын алу үшін ескерту, жою және бақылау сияқты аспектілерді қамтуымыз керек.. Буллинг – бұл жаңа термин. Bullying сөзі ағылшын тілінен аударғанда «қорқыту», «кемсіту», «мұқату» дегенді білдіреді. Кеңірек мағынада бұл бір адам (немесе топ) басқа, физикалық және моральдық жағынан әлсіз адамға (немесе адамдар тобына) физикалық шабуыл жасаған немесе қорқытқан кездегі зорлық-зомбылықтың ерекше түрі. Жалпы баланың қатегездігін білдіреді.

4.Тыңдалды: Бастауыш сынып мұғалімдері Досмағамбетова Г.Б ,Варнат М.Я. күзгі демалыс кезіндегі қауіпсізхдік ережелерімен таныстырды.

5.Директордың оқу ісі орынбасары Омарова А.М. ата аналарды жаңа оқу жылындағы өзгерістермен таныстырды. Атап айтқанда ,5-8,10 сынып оқушылары емтихан тапсыратындары туралы айтты.

**Шешім**

1. Отбасындағы зорлық зомбылықтың алдын алу,Бала тәрбиесіндегі ата ана жауапкершілігі баяндамалары ,назарға алынсын.
2. Оқушылар арасында буллингтің алдын алу жұмыстары назарға алынсын.
3. Күзгі демалыс кезіндегі балалар қауіпсіздігіне ата ана жауапкершілігі арттырылсын.

Мектеп директоры: А.Ералинов

Хатшы: М.Сейдеметова

**Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы** №3

Өткізілген күні 10.01.2024 жыл
Қатысқандар: мектеп әкімшілігі
Сынып жетекшілер , ата-аналар

**Күн тәртібінде :**

1. Оқушылардың алған білімдерінің динамикасы мен мониторингі бойынша 2 тоқсан қорытындысы ДОІЖО: Омарова А.М.
2. Демалыс кезінде оқушылардың демалысын ұйымдастыру және өмір қауіпсіздікті қамтамасыз ету ДТІЖО:Абишева Л.А.
3. Оқушылардың аутодеструктивті мінез-құлқын алдын алу. Мектеп психологы:Зайнулина Ф.А.
4. Жалпы оқыту қорының және бастауыш сынып оқушыларының тегін тамақтануы ДТІЖО:Абишева Л.А
5. Вирустық аурулардың алдын алу шаралары Мектеп медбикесі Серикова А.М.

Барысы:

1.Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Омарова А.М. оқушылардың алған білімдерінің динамикасы мен мониторингі бойынша 2 тоқсан қорытындысымен ата-аналарды таныстырды. Оқу озаттары мен екпінділерді атап өтті. Тоқсан бойынша жиынтық бақылаудың орындалуы , мектепішілік аудандық пән олимпиадаларының қорытындысына тоқталды. Олимпиада жеңімпаздарының есімдері атап өтілді. Ата-аналар тарапынан сұрақтар болған жоқ.

2.Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Абишева Л.А. қысқы демалыс кезінде оқушылардың демалысын ұйымдастыру және өмір қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы хабарлама жасады. Ата-аналар балаларының өміріне жауапты екенін өздері айтып кетті. Сонымен қатар демалысты қайтсе қызықты етіп өткізссе болады деген сұраққа жауап алынды.

3. Үшінші мәселе бойынша мектеп психологы Зайнулина Ф.А. оқушылар-дың аутодеструктивті мінез-құлқын алдын алу туралы ақпараттар беріп, ата-аналармен тренингтар өткізді.

4. Келесі сұрақ бойынша директордың тәрбие ісінің орынбасары Абишева Л.А. :Жалпы оқыту қорынан 5-11 сынып аралығында 21 оқушы және бастауыш сынып оқушылары 104 оқушы тегін тамақпен қамтылған.Тамақтану сапасын арнайы мониторинг тобы бақылап отырады, мектеп медбикесі Серикова А.М. тағамның дайындалуын күнделікті қадағалап,тексеріп отырады.

5. Мектеп медбикесі Серикова А.М. ата-аналарға вирустық аурулардың алдын алу шаралары бойынша түсініктеме берді.

**Жіті респираторлық вирустық инфекция (ЖРВИ)** - әлемдегі тұмауды біріктіретін аурулардың ең кең тараған тобы тұмау, парагрипп, respiреспираторлық-синцитиалдық инфекция, риновирусты және аденовирусты инфекция, басқа жоғарғы тыныс алу жолдарының талаурамалы қабынбалары. Даму үдерісінде вирустық ауру бактериялық инфекцияға асқынуы мүмкін. Вирустық аурулардың алдын алу, инфекция қаупін азайтуға көмектесетін бірқатар шараларды қамтиды:

1. Вакцинация:

вирустық аурулардың алдын алудың ең тиімді әдістерінің бірі-вакцинация. Вакциналар денеге белгілі бір вирустарға қарсы иммунитетті дамытуға және аурудан қорғауға көмектеседі.

2. Гигиенаны сақтау: қолды сабынмен үнемі жуу, әсіресе адамдармен, қоғамдық орындармен байланыста болғаннан кейін, тамақтанар алдында және дәретханаға барғаннан кейін вирустың таралуын болдырмауға көмектеседі.
3. Науқастармен байланыста болудан аулақ болу: жұқпалы аурудың белгілері бар адамдармен тығыз байланыста болмауға тырысыңыз. Қажет болса, маскалар мен басқа қорғаныс құралдарын қолданыңыз.
4. Дұрыс тамақтану және салауатты өмір салты: дұрыс тамақтану, физикалық белсенділік, жаман әдеттерден бас тарту (темекі шегу, алкогольді ішу) арқылы иммунитетті нығайту денеге вирустармен күресуге көмектеседі.
5. Профилактикалық дәрі-дәрмектер мен емдеу құралдары: Кейбір жағдайларда дәрігер белгілі бір вирустардан қорғану үшін профилактикалық дәрі-дәрмектерді немесе вакцинацияларды тағайындай алады, әсіресе инфекция қаупі жоғары елдерге барғанда.
6. Қауіпсіздік ережелерін сақтау: жұқпалы материалдармен жұмыс істеу кезінде немесе инфекция қаупі жоғары жағдайларда барлық қауіпсіздік шараларын сақтау және қорғаныс құралдарын пайдалану қажет.
Осы шараларды қолдану вирустық ауруларды жұқтыру мүмкіндігін азайтуға және денсаулықты сақтауға көмектеседі.

Жарыс сөз:

1.Ата-аналар комитеті Қоянова С.М: Жиналыс жақсы деңгейде ұйымдастырылған. Балаларымыздың 2 тоқсан бойынша қорытындысын білдік. Топтық жұмыста балаларымыздың өмір қауіпсіздігі, біз елей бермейтін жағдайлар қарастырылды, балаларымызды үйірмелерге қатысуна қолдау жасаймыз. Тренигта қызықты өтті.
2. Ата-ана Япас Хадыс: 2 тоқсан бойынша балалардың үлгерімін білдік. Келесі тоқсанда білімдерін көтеруге ықпал етуге тырысамыз. 11 сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындығы қосымша сабақтар ұйымдастырса қолдау көрсетіп,баламыздың дайындығына көңіл бөлеміз.

Қаулы:

1.Оқушылардың білімдерінің сапасын көтеруге ата-аналар тарапынан қолау көрсетуге ықпал жасалынсын.
2. Оқушылардың қысқы демалыс кезіндегі өмір қауіпсіздігіне тікелей ата-аналар жауапты екенін ескерілсін.
3. Оқушылардың аутодеструктивті мінез-құлқын алдын алу туралы ақпараттар, тренинг барысындағы ақыл-кеңестер бала тәрбиесінде басшылыққа алынсын.
4. Вирустық арулардың алдын алу шаралары ескерілсін

.Жиналыс төрайымы: Абишева Л.А.

Жиналыс хатшысы: Сейдеметова М.Ю.

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №4

Өткізілген күні: 23.05.2024ж
Қатысқандар: мектеп әкімшілігі
Сынып жетекшілер, ата-аналар учаскелік инспектор Шалов Е.А.

Күн тәртібінде :

1. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы ДОІЖО Омарова А.М.
2. Жаз мезгіліндегі оқушылардың қауіпсіздігі Дүйсенбаева А.Т.
3. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру ДТІЖО Абишева Л.А.
4. 2024-25 оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасы Жапабаева А.М.
5. Көшеде жүру тәртібі мен мото жүргізушілер ережелері, ата-ана жауапкершілігі учаскелік инспектор Шалов Е.А.

6.Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1.Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Омарова А.М. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша және 5-10, 9-11 сыныптарда өткізілетін емтихандарға кестесімен таныстырды.Білім сапасының мониторингісі ,оқу жетістіктері көрсетілді. Мамыр айында 4,9 сынып оқушыларымен білім алушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі (МОДО) өткізілгеніне тоқталды.9 сыныптың 3 оқушысы ,11 сыныптың 1 оқушы үздік аттестатқа үміткер екенін атап өтті.

2. 6 сынып жетекшісі Дүйсенбаева А.Т. ата-аналарды жаз мезгіліндегі оқушылардың қауіпсіздігі туралы айтып өтті. Атап айтқанда; су қоймаларындағы, өрт , ғаламтордағы, жолдағы қауіпсіздік бойынша слайд арқылы таныстырылды. Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері бойынша ата-аналарға жадынама таратылды.

3. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша диретордың тәрбие ісінің орынбасары Абишева Л.А. сөз алды. Мектепте күрделі жөндеу жұмыстарына байланысты Мектеп жанындағы балаларды сауықтыру лагері болмайтынын, «Жұлдыз» БСО-на әлеуметтік осал топ отбасы балаларына 7 жолдама , «Қазақстан Халқына» қорынан 4 жолдама берілгенін айтты. Сонымен қатар мектеп оқушыларына ауданның спорт кешенінің бассейніне 75 оқушыға тегін бір мезгілдік билет берілетінін айтты.

4. 2024-25 оқу жылындағы мектеп формасы туралы Жапабаева А.М. сөз алды. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қарашадағы №26 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарға сәйкес мектеп формасының сақатлуына тоқталды. Мектеп формасының үлгісі классикалық стильде,түсі қою көк.
Ұлдарға ұсынылатын форма: пиджак,жилет, шалбар, мерекелік ақ жейде, күнделікті жейде,шалбарлар еркін тігілген және тобықты жауып тұруы керек.
Қыздарға ұсынылатын форма: пиджак, жилет, белдемше, мерекелік ақ жейде, шалбарлар еркін тігілген және тобықты жауып тұруы керек.Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.Мектеп формасына қойылатын талаптарға сай жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар киюге тыйым салынады.

5. Көшеде жүру тәртібі мен мото жүргізушілер ережелері, ата-ана жауапкершілігі учаскелік инспектор полиция майоры Шалов Е.А. ата-аналарды таныстырды. Сонымен қатар ата-аналар жауапкершілігін, жаз мезгілінде жасөспірімдердің мотоцикл, скутер [illegible] бақылауда устау керктігін еске салды.

6.Әртүрлі мәселелер бойынша ата-аналарды соңғы қоңырау және аттестат табыстау кешінің тұжырымдамасымен таныстырылды.Соңғы қоңырау мерекесі 24.05.2024 жылы бірыңғай сынып сағаты форматында өткізілетінін ескертілді.
Ата-аналар тарапынан сұрақтар болған жоқ.

Шешімі:
1.2023-2024 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2.Жаз мезгіліндегі оқушылардың қауіпсіздігіне ата-ана жауапкершілігі ескерілсін.
3.Жаңа оқу жылында мектеп формасы талаптарға сай болу ескерілсін.

Жиналыс төрайымы: Абишева Л.А.
Хатшы: Қоянова С.М.